

«Қазақстан футболшыларының  
жергілікті кәсіподақ ұйымы»  
қоғамдық бірлестігінің жалпы жиналысының  
2024 жылғы «04» шілдедегі №8 хаттамасымен  
БЕКІТІЛДІ

**«Қазақстан футболшыларының жергілікті кәсіподақ ұйымы»  
қоғамдық бірлестігінің  
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2024

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. «Қазақстан футболшыларының жергілікті кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі осы Жарғының мәтіні бойынша «Кәсіподақ» деп аталады).

2. Кәсіподақтың толық атауы:

1) мемлекеттік (қазақ) тілде: «Қазақстан футболшыларының жергілікті кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі;

2) орыс тілінде: Общественное объединение «Локальный профессиональный союз футболистов Казахстана»;

3) ағылшын тілінде: Public Association «Local Professional Union of Kazakhstan Football Players»;

3. Кәсіподақтың қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік (қазақ) тілде: «ҚФЖКҰ» ҚБ;

2) орыс тілінде: ОО «ЛПСФК»;

3) ағылшын тілінде: РА «LPUKFP».

4. Кәсіподақ коммерциялық емес ұйым, кәсіби футбол саласында ортақ мүдделермен байланысты жұмысшылардың бірлестігі болып табылады, оның негізгі мақсаты пайда табу емес және пайданы Кәсіподақ мүшелері арасында бөлмейді. Кәсіподақ өзінің жарғылық міндеттерін орындай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және оларға қайшы келмейтін басқа да заңнамалық актілер негізінде әрекет етеді.

5. Кәсіподақ еріктілік, оның мүшелерінің теңдігі, өзін-өзі басқару және заңдылық, есеп беру және жариялылық негізінде жұмыс істейді.

6. Кәсіподақ Жарғыда көзделген қызметті Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады.

7. Кәсіподақтың атқарушы басқару органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 9-үй, т.ү.1.

## **2. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ**

8. Кәсіподақ қызметінің мәні кәсіби футболшыларға құқықтық, қоғамдық және ақпараттық қолдау көрсетуге және одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында футболды дамыту мен танымал етуге байланысты туындайтын қатынастар болып табылады.

9. Кәсіподақ қызметінің мақсаттары:

1) мемлекеттік билік органдарымен, жұмыс берушілермен (футбол клубтарымен), қоғамдық ұйымдармен және басқа да футбол субъектілерімен өз

өкілеттіктері шегінде Кәсіподақ мүшелерінің (кәсіби футболшылардың) құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау;

2) Кәсіподақ мүшелерінің бірлескен қызметін үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Кәсіподақ мүшелерінің (кәсіби футболшылардың) әлеуметтік-еңбек саласын жақсартуға қатысты заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауы туралы ұсыныстар енгізу;

4) Халықаралық футбол қауымдастықтары федерациясының (ФИФА), Еуропалық футбол қауымдастықтары одағының (УЕФА), Кәсіби футболшылар қауымдастығының халықаралық федерациясының (ФИФПро) және басқа да халықаралық футбол ұйымдарының ережелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейімдеу бойынша ұсыныстар енгізу;

5) ФИФА, УЕФА, ФИФПро және басқа да халықаралық футбол ұйымдарының ережелерін Қазақстан футбол федерациясының (ҚФФ), Қазақстанның кәсіби футбол лигасының (ҚКФЛ) және Қазақстан Республикасында футболды басқаруды жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың регламенттейтін құжаттарына, оның ішінде ФИФА № 1010 және 1129 Циркулярларына, сондай-ақ кәсіби футболшылардың қызметін реттейтін өзге де регламенттеуші құжаттарға енгізу;

6) Кәсіподақ мүшелерін (кәсіби футболшыларды) әлеуметтік қорғауды, кәсіби футболшыларды әлеуметтік және медициналық сақтандыруды жақсартуға, сондай-ақ оларды медициналық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

7) жарысқа қатысушылар ретінде кәсіби футболшылардың қызметін реттейтін регламенттеуші ережелерді әзірлеуге қатысу;

8) Кәсіподақ мүшелерінің атынан ұжымдық келіссөздер жүргізу, келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу;

9) ұжымдық еңбек дауларын қарауға қатысу;

10) Кәсіподақ қызметкерлері мен мүшелерін даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін, құқықтық сауаттылығын арттыруды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау;

11) жұмыс берушілердің, лауазымды адамдардың еңбек заңнамасын, оның ішінде еңбек шарты, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты, еңбекке ақы төлеу, кепілдіктер мен өтемақылар, жеңілдіктер мен артықшылықтар мәселелері бойынша, сондай-ақ Кәсіподақ мүшелері жұмыс істейтін ұйымдарда (ұйымдарда) басқа да әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

12) футбол субъектілерінің футбол бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі регламенттеуші құжаттардың ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

13) Кәсіподақ қызметінің мәні мен мақсаттарын іске асыруға бағытталған көрмелер, семинарлар, конференциялар және өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

14) Кәсіподақ мүшелерінің (кәсіби футболшылардың) қатысуымен, оның ішінде кәсіби футболшылар мен футболдың өзге де субъектілері арасындағы дауларды қарайтын Қазақстан футбол федерациясының (ҚФФ) заң органдарының қызметіне қатысу арқылы жеке еңбек дауларын реттеуге қатысу;

15) Кәсіподақ мүшелеріне консультациялық, заңгерлік және материалдық көмек көрсету;

16) футболда делдалдық қызметті жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ ФИФА, УЕФА, ФИФПро регламенттейтін құжаттарына қайшы келмейтін өзге де міндеттер.

### **3. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

10. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Кәсіподақтың құқықтары:

1) банктерде шот ашу;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде Кәсіподақтың толық атауы бар мөр, мөртабандар мен бланкілердің, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблеманың (рәмізінің) болуы;

3) меншікте немесе жедел басқаруда оқшауланған мүліктің, сондай-ақ дербес баланстың немесе сметаның болуы;

4) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алу және жүзеге асыру;

5) егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, басқа заңды тұлғаларды құру;

6) осы Жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражатты пайдалану;

7) сотта талапкер және жауапкер болу;

8) өз қызметі туралы ақпаратты тарату;

9) бұқаралық ақпарат құралдарын құру;

10) баспа қызметін жүзеге асыру;

11) өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен

(қауымдастықтармен, одақтармен), өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста қызметкерлердің өкілдері болу;

12) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қою, медиация жүргізу кезінде, сотта, еңбек төрелігінде немесе төрелікте, мемлекеттік органдарда, ФИФА, УЕФА, ҚФФ заң органдарында олардың мүдделеріне сай әрекет ету, оларға өзге де құқықтық көмек көрсету;

13) Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін өздері қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің толық немесе ішінара күшін жою не оларды өзгерту туралы мемлекеттік және өзге де органдарға жүгіну;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында және ФИФА, УЕФА, ҚФФ регламенттейтін құжаттарында белгіленген тәртіппен Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын мемлекеттік және өзге де органдардың актілеріне шағымдану;

15) еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысу;

16) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және ФИФА, УЕФА, ҚФФ құжаттарын регламенттейтін Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысу;

17) «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

18) келіссөздер жүргізу, келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу;

19) ақша қорларын қалыптастыру;

20) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамында жұмыс берушімен еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу, сондай-ақ жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау тексерулерін жүргізу бойынша бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастыру;

21) азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қозғайтын, оның ішінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

22) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтай отырып келісімдер мен ұжымдық шарттарға сәйкес өз өкілдері атынан Кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөнінде зерделеу және шаралар қабылдау үшін бару;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ереуілдер, бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу;

24) Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасын бұзатын, келісімдерде және ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді

орындамайтын адамдарды жауапқа тарту жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

25) баспа қызметімен айналысу, өз жұмысын баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде ұйымдарда жариялау;

26) Кәсіподаққа тиесілі мүлікті меншік құқығымен иелену, пайдалану және оған билік ету;

27) жарғылық мақсаттарға сәйкес өз мүшелерінің мүддесі үшін өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

28) халықты жұмыспен қамту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысу;

29) халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге, өзге де қауымдастықтар мен одақтарға кіру, сондай-ақ олардың қызметіне қатысу;

30) Кәсіподақтың жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін жағдайда ғана кәсіпкерлік қызметпен айналысу;

31) филиалдар мен өкілдіктер ашу;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

#### 11. Кәсіподақтың міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыда көзделген нормаларды, салалық кәсіподақтың шешімдерін және әлеуметтік әріптестік органдары, сондай-ақ өзі мүше ұйым болып табылатын кәсіподақтар қабылдайтын шешімдерді сақтау;

2) ұжымдық, салалық, өңірлік және бас келісімдер бойынша міндеттемелерді орындау;

3) өкілеттіктер шегінде әлеуметтік – еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қабылдау;

4) Кәсіподақ мүшелерінің ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін сақтауын қамтамасыз ету;

5) Кәсіподақ мүшелері арасында, оның ішінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздері, ФИФА, УЕФА, ҚФФ регламенттеуші құжаттары, сондай-ақ ұжымдық шарттардың, келісім комиссиясының жұмысы туралы келісімнің (бар болса) ережелері бойынша олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізу және бәтуаға қол жеткізу дағдыларын дамыту жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілік алу;

7) салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді заңда белгіленген тәртіппен төлеу;

- 8) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап беру;
- 9) өз мүшелеріне (қатысушыларына) олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 10) қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі мен еңбек тәртібі ережелерін, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтауына жәрдемдесу;
- 11) өз мүшелерін (қатысушыларын) ақшалай қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы хабардар ету;
- 12) Кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын қызметкерлердің мүдделерін олардың жазбаша өтініштері негізінде кәсіподақ мүшелері тәрізді шарттарда білдіру;
- 13) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде тұрақты жұмыс істейтін басшы органның орналасқан жеріндегі өзгерістер және басшылар туралы деректер туралы тіркеуші органға хабарлау;
- 14) салалық кәсіподақтың және (немесе) аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің құрамына олардың жарғысын сақтау шартымен мүшелік ұйым ретінде кіру;
- 15) сайланған немесе қайта сайланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері туралы жұмыс берушіге хабарлау.

#### **4. КӘСІПОДАҚТЫҢ МҮЛКІ. МҮШЕЛІК КӘСІПОДАҚ ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

12. Кәсіподақтың меншігінде осы Жарғыда, сондай-ақ оның қаражаты есебінен құрылатын ұйымдарда көзделген қызметті материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік болуы мүмкін.

13. Кәсіподақтың меншігінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, құрылымдар, үй-жайлар, тұрғын үй қоры, сауықтыру және мәдени мақсаттағы мүлік, жабдық, мүкәммал, бағалы қағаздар, ақша, көлік құралдары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен сатып алынған өзге де мүлік болуы мүмкін.

14. Кәсіподақ мүлкін қалыптастыру көздері:

- 1) Кәсіподақ мүшелерінің мүшелік жарналары;
- 2) ерікті мүліктік жарналар, қайырымдылықтар, демеушілік, дайындық - және гуманитарлық көмек, оның ішінде шетелдік ұйымдардан;
- 3) спорттық және өзге де іс-шараларды өткізуден түсетін түсімдер, өндірістік және өзге де шаруашылық қызметтен түсетін кірістер;

4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));

5) басқа да заңмен тыйым салынбаған түсімдер.

15. Кәсіподақ қызметінен түскен кіріс және өзге де ақша түсімдері Кәсіподақ мүшелері арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталады.

16. Кәсіподақ келесі шығындарды көтереді:

1) Кәсіподақ бюджетіне байланысты шығыстар;

2) жалпы жиналыс бекіткен шығыстар;

3) Кәсіподақтың жарғылық қызметін жүзеге асыруға байланысты өзге де шығыстар.

17. Кәсіподақ мүшелерінің Кәсіподаққа берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқығы жоқ.

18. Кәсіподақтың кәсіпкерлік қызметінен түсетін кірістер Кәсіподақ мүшелері арасында бөліне алмайды және Кәсіподақтың жарғылық мақсаттарына бағытталады.

19. Кәсіподақ кірістері мен шығыстарының мөлшері, құрылымы, сондай-ақ Кәсіподақ мүлкінің мөлшері мен құрамы, жұмыскерлердің саны мен құрамы, олардың еңбегіне ақы төлеу, Кәсіподақ қызметінде азаматтардың өтеусіз еңбегін пайдалану туралы мәліметтер коммерциялық құпияның нысаны бола алмайды.

20. Ай сайынғы мүшелік кәсіподақ жарналары Басқарманың шешіміне сәйкес анықталады.

21. Балаларды тәрбиелеуге және/немесе декреттік демалысқа байланысты өз қызметін тоқтатқан Кәсіподақ мүшелері мүшелік жарналардан босатылады.

22. Мүшелік жарналардан қалыптастырылған Кәсіподақ бюджетінің қаражаты салалық Кәсіподаққа аударымдарға, Басқарманың бекітілген шешімінде анықталған мөлшерде, штаттық қызметкерлерді ұстауға және өндірістік-шаруашылық қызметке, сондай-ақ жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге пайдаланылуы мүмкін.

23. Кәсіподақ өз мүшелерін (қатысушыларын) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес ақшалай қаражаттың түсуі мен жұмсалуды туралы хабардар етуге міндетті.

## **5. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**

24. Кәсіподақ пен мүдделі тұлғалар арасындағы Кәсіподақ мүлкіне билік етуге байланысты мәмілелер мүдделер қақтығысының болуын болжайды.

25. Кәсіподақтың басқару органдарының мүшелері, сондай-ақ Кәсіподақпен қарым-қатынасына байланысты Кәсіподақтың өз мүлкіне билік

етуіне ықпал ете алатын, өз Кәсіподағымен жеке өзі немесе өкіл арқылы мәмілелер жасасатын адамдар мүдделі тұлғалар деп танылады.

26. Егер Кәсіподақ мүдделі тұлғалардың туыстарымен, сондай-ақ олардың кредит берушілерімен мәмілелер жасаса, мүдделер қақтығысы болжанады.

27. Мүдделер қақтығысын қамтитын мәміле Басқарманың шешімімен бекітілуі тиіс. Мүдделі тұлға мәміленің болжамды жасалуы туралы Басқарманы хабардар етуі тиіс.

Мүдделі тұлға, егер мәмілені Кәсіподақ бекітпесе, мүдделер қақтығысы болған кезде жасалған осындай мәміленің нәтижесінде Кәсіподаққа келтірілген залалды өтеу бойынша жауапты болады.

Шығындарды өтеуге қосымша, мұндай мүдделі тұлға Кәсіподаққа - осындай мәміле жасау нәтижесінде алынған барлық кірісті қайтаруы керек.

Егер шығындар бірнеше мүдделі тұлғалардың әрекеттерінен туындаса, олар Кәсіподақ алдында ортақ жауапкершілікте болуы керек.

## **6. КӘСІПОДАҚТЫ БАСҚАРУ**

28. Кәсіподақтың басқару органдары:

- 1) Жалпы жиналыс – жоғары басқару органы;
- 2) Басқарма – алқалы атқарушы басқару органы;
- 3) Бас хатшы – әкімшілік орган;
- 4) Ревизиялық комиссиясы – алқалы бақылау органы;
- 5) Бастауыш кәсіподақ ұйымдары – заңды тұлға түзусіз құрылатын құрылымдық бөлімшелер.

29. Кәсіподақ органының кез келген мүшесі мүдделер қақтығысының болуын болжайтын мәселені қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға қатысудан бас тартуға тиіс.

## **7. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС**

30. Жалпы жиналыс Кәсіподақтың жоғары басқару органы болып табылады, оның кезекті отырыстарын Басқарма жылына кемінде бір рет шақырады.

31. Жалпы жиналыстың кезекті отырысын өткізу туралы шешімді Бас хатшы Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының және бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін Кәсіподақ мүшелерінің назарына оны өткізу күніне дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізеді. Жалпы жиналыстың кезекті отырысының күн тәртібіне енгізуге арналған Кәсіподақтың бастауыш ұйымдары мен бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін Кәсіподақ мүшелерінің барлық мәселелері мен ұсыныстары Кәсіподақтың Бас хатшысына жазбаша түрде жалпы жиналыстың кезекті отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

32. Жалпы жиналыстың кезекті отырысының Басқарма бекіткен алдын ала күн тәртібі Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарына және бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін Кәсіподақ мүшелеріне ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

33. Жалпы жиналыстың кезектен тыс отырысын Басқарма, Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының және бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін Кәсіподақ мүшелерінің кемінде жартысының талап етуі бойынша, сондай-ақ кәсіподақтың Ревизиялық комиссиясының бастамасы бойынша шақырады. Оны шақыру туралы талап алынған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірілмейтін мерзімде Басқарма төрағасы кезектен тыс отырыс өткізу немесе оны өткізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Жалпы жиналыстың кезектен тыс отырысын өткізу туралы хабарламаны Бас хатшы бастауыш ұйымдарының төрағаларына және бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін Кәсіподақ мүшелеріне оны өткізу күніне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді және ол күн тәртібін қамтуы тиіс. Жалпы жиналыстың кезектен тыс отырысы күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешім қабылдайды. Жалпы жиналыстың кезектен тыс отырысының күн тәртібі өзгертуге жатпайды.

34. Кәсіподақтың бастауыш ұйымдары мен бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін Кәсіподақ мүшелері жалпы жиналысқа қатысуын ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей растауға міндетті.

35. Жалпы жиналыс күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешім қабылдайды. Жалпы жиналыстың кезекті отырысының күн тәртібіне жаңа мәселелерді енгізу туралы ұсыныстар оның жұмысы кезінде Кәсіподаққа қатысып отырған мүшелердің 3/4 дауысымен енгізілуі мүмкін.

36. Жалпы жиналыстың отырыстарын Басқарма төрағасы жүргізеді. Ол болмаған немесе қатысу мүмкін болмаған жағдайда жалпы жиналыстың отырысына Бас хатшы төрағалық етеді. Басқарма төрағасы мен Бас хатшының бір мезгілде болмаған немесе қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, жалпы жиналыстың отырысына делегаттар көпшілік дауыспен сайлаған адам төрағалық етеді.

37. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар қабылдау, енгізу;
- 2) Кәсіподақты ерікті түрде қайта құру және тарату;
- 3) Кәсіподақтың басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін айқындау;
- 4) Кәсіподақтың атқарушы органдарының қаржылық есептілігін ұсыну тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ Ревизиялық комиссияның тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін айқындау;
- 5) заң актілерінде белгіленген шектерде Кәсіподақтың басқа заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

6) Басқарма төрағасын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Басқарма мүшелерін тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Кәсіподақтың атқарушы басқару органдарын тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Ревизиялық комиссияның мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Ревизиялық комиссия туралы ережені бекіту және оның тексеру нәтижелерін бекіту;

11) «Құрметті кәсіподақ қайраткері» атағын беру;

12) Кәсіподақтың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

38. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Кәсіподақтың басқа басқару органдарының қарауына берілмейді.

39. Жалпы жиналыстың барлық шешімдері Кәсіподақ мүшелерінің 3/4 дауысымен қабылданады.

40. Жалпы жиналыстың отырыстары түрлі коммуникация құралдарын пайдалана отырып, сауалнама жолымен өткізілуі мүмкін. Бұл ретте Бас хатшы кворумға, шешім қабылдауға және жалпы жиналыс отырысының хаттамасын жүргізуге қатысты осы баптың талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

41. Жалпы жиналыстың отырысы, егер оған Кәсіподақтың бастауыш ұйымдары өкілдерінің және бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін мүшелердің кемінде 3/4 қатысса, заңды деп танылады.

42. Бастауыш ұйымның төрағасы немесе өзге мүшесі оған бастауыш ұйымның мүшелерінен берілген сенімхат негізінде бастауыш ұйымның заңды мүдделерін білдіруге құқылы.

43. Кворум болмаған жағдайда жалпы жиналыстың отырысы, оның ішінде кезектен тыс отырыс жоспарланған отырыс өткізілген уақыттан бастап жиырма төрт сағатқа кейінге қалдырылуы мүмкін және сол жерде және сол күн тәртібімен өткізілуі тиіс. Жалпы жиналыстың қайта отырысы үшін кворумның болуы талап етілмейді.

44. Жалпы жиналыстың шешімдері Басқарма төрағасы мен Бас хатшы қол қоятын хаттама нысанында ресімделеді.

45. Жалпы жиналыстың хаттамасы Кәсіподақтың барлық бастауыш ұйымдарына және бастауыш ұйымдардың құрамына кірмейтін мүшелеріне ол өткізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жіберіледі.

46. Жалпы жиналыстың жұмысына қатысуға тікелей байланысты шығыстардың өтемақысын қоспағанда, Кәсіподақ мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындағаны үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылы емес.

47. Жалпы жиналыс қабылдаған шешімдер, егер жалпы жиналыс басқа күнді белгілемесе, олар қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

## 8. БАСҚАРМА

48. Басқарма Кәсіподақты басқарудың алқалы атқарушы органы болып табылады, оның басшысы Басқарма төрағасы болып табылады.

Басқарма мүшелерін Басқарма төрағасының ұсынысы бойынша жалпы жиналыс тағайындайды, оның кандидатурасын Кәсіподақ мүшелері ұсынады. Басқарма отырыстарын Басқарма төрағасы кемінде үш айда бір рет шақырады.

49. Басқарманың сандық құрамы кемінде 15 (он бес) мүшеден тұрады: Басқарма төрағасы; Бас хатшы - Басқарма төрағасының орынбасары; бастауыш ұйымдардың төрағалары және қажет болған жағдайда тағайындалатын, Кәсіподақ құрамына кіретін өзге де мүшелер. Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімі 4 (төрт) жылды құрайды.

50. Басқарма қызметінің регламенті Кәсіподақтың уәкілетті органы бекітетін «Кәсіподақтың алқалы органдары туралы ережеге» сәйкес айқындалады.

51. Басқарманың құзыретіне мыналар кіреді:

- 1) Бас хатшының кандидатурасын бекіту;
- 2) Кәсіподақ бюджетін бекіту;
- 3) Кәсіподақтың жыл сайынғы мүшелік жарнасын төлеу мөлшері мен мерзімдерін бекіту;
- 4) салалық кәсіподаққа аударымдарға пайдаланылуы мүмкін мүшелік жарналардан қалыптастырылған Кәсіподақ бюджеті қаражатының мөлшерін бекіту;
- 5) мүдделер қақтығысының болуын көздейтін Кәсіподақ мәмілелерін бекіту;
- 6) Кәсіподақтың даму стратегиясын бекіту;
- 7) Кәсіподақтың алқалы органдарын құру туралы шешімдер, олардың төрағалары мен мүшелерінің өкілеттіктерін тағайындау және тоқтату;
- 8) өз филиалдары мен өкілдіктерінің, сондай-ақ Кәсіподақтың алқалы органдарының қызметін реттейтін ережелерді, сондай-ақ Кәсіподақтың қызметін реттейтін өзге де ережелерді бекіту;
- 9) Кәсіподақ комитеттері мен комиссияларын құру туралы шешімдер, олардың төрағаларын, сондай-ақ мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату;

10) Кәсіподаққа жаңа мүшелер мен бастауыш ұйымдардың кіруі туралы шешімдер, сондай-ақ мүшелер мен бастауыш ұйымдарды Кәсіподақтан шығару туралы шешімдер;

11) басқару органдарына, комитеттерге және басқа ұйымдардың комиссияларына сайлау үшін кандидатураларды бекіту;

12) Кәсіподақ эмблемасын (рәмізін) бекіту;

13) ай сайынғы мүшелік жарнаның мөлшерін анықтау және бекіту;

14) мүдделер қақтығысын болжайтын мәмілелерді бекіту;

15) жалпы жиналыстың кезекті/кезектен тыс отырыстарын шақыру;

16) «Құрметті кәсіподақ қайраткері» атағын беруге кандидатураларды ұсыну;

17) жалпы жиналыс қабылдаған шешімдердің орындалуын сақтау;

18) жалпы жиналыс жүктеген басқа да функциялар.

## **9. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**

52. Басқарма Төрағасы «Басқарма» алқалы атқарушы органының басшысы және Кәсіподақтың бірінші басшысы болып табылады, оны жалпы жиналыс кейіннен қайта тағайындау құқығымен төрт жыл мерзімге тағайындайды.

53. Басқарма төрағасының лауазымына жоғары білімі және спорт саласында әкімшілік және басқарушылық лауазымдарда кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар әрекетке қабілетті адам тағайындалады.

54. Басқарма төрағасы лауазымына кандидаттарды Кәсіподақ мүшелері ұсынады.

55. Басқарма төрағасы:

1) Кәсіподақ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Кәсіподақ атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік органдарда, қоғамдық және өзге де ұйымдарда Кәсіподақтың мүдделерін білдіреді;

3) Кәсіподақ атынан ынтымақтастық туралы меморандумдар (келісімдер) жасасады;

4) Кәсіподақ атынан Бас хатшымен еңбек шартына, оны жұмысқа қабылдау және онымен еңбек шартын тоқтату туралы актілерге қол қояды;

5) жалпы жиналыстың отырыстарын шақырады;

6) төраға Кәсіподақтың мүшесі болған жағдайда, Кәсіподақтың жалпы жиналысының отырыстарында дауыс беру құқығымен төрағалық етеді. Егер төраға Кәсіподақ мүшесі болып табылмаған жағдайда, ол жалпы жиналыстың отырыстарына дауыс беру құқығынсыз төрағалық етеді;

7) Бас хатшының кандидатурасын тағайындау үшін Басқармаға ұсынады;

8) Басқарма мүшелерінің кандидатурасын тағайындау үшін жалпы жиналысқа ұсынады;

9) Басқарма отырыстарын шақырады және оларда дауыс беру құқығымен төрағалық етеді;

10) басқа ұйымдардың басқару органдарына, комитеттеріне және комиссияларына сайлау үшін кандидатуралар ұсынады.

56. Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, осы Жарғының 55-тармағының 5), 6) және 6) тармақшаларында көзделген міндеттерді орындауды Бас хатшы жүзеге асырады.

57. Басқарма төрағасын тәртіптік жауаптылыққа тартуды, жұмыстан шеттетуді Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіподақ актілеріне сәйкес жалпы жиналыс жүзеге асырады.

## 10. БАС ХАТШЫ

58. Бас хатшыны Басқарма кейіннен қайта тағайындау құқығымен 4 (төрт) жыл мерзімге тағайындайды.

59. Бас хатшы лауазымына жоғары білімі және спорт саласында кемінде бес жыл әкімшілік лауазымдарда жұмыс өтілі бар әрекетке қабілетті адам тағайындалады.

60. Бас хатшы лауазымына кандидаттарды Басқарма төрағасы ұсынады.

61. Бас хатшы:

1) Кәсіподақтың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

2) Кәсіподақтың шешімдері мен тапсырмаларының орындалуын ұйымдастырады;

3) жалпы жиналыстың отырыстарын өткізуге дайындықты жүзеге асырады;

4) Басқарма отырыстарын өткізуге дайындықты іске асырады;

5) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Кәсіподақ атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік органдарда, қоғамдық және өзге де ұйымдарда Кәсіподақтың мүдделерін білдіреді;

6) Кәсіподақ атынан Кәсіподақ қызметінің барлық мәселелері бойынша мәмілелер жасайды;

7) Кәсіподақтың ақшасы мен мүлкіне билік етеді;

8) Кәсіподақтың банктік шоттарын ашады;

9) Кәсіподақтың ұйымдық құрылымын, штат санын және штат кестесін бекітеді;

10) Кәсіподақ қызметкерлерімен жұмысқа қабылдау, еңбек қатынастарын тоқтату, оларды ауыстыру (орнын ауыстыру) туралы актілер шығарады,

көтермелеу шараларын қолданады және Кәсіподақ қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

11) Кәсіподақтың өзге де ұйымдық-құқықтық және өкімдік актілерін шығарады;

12) жалпы жиналыстың және/немесе Басқарманың айрықша құзыретіне жатпайтын Кәсіподақ актілерін бекітеді;

13) жалпы жиналысқа оның айрықша құзыретіне жататын құжаттарды бекітуге ұсынады;

14) Кәсіподақ мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттар береді;

15) Кәсіподақтың барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кәсіподақтың бухгалтерлік есебін жүргізуді және статистикалық және салықтық есептілігін ұсынуды қамтамасыз етеді;

17) Кәсіподақ актілеріне сәйкес жалпы жиналыстың және/немесе Басқарманың айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

62. Бас хатшы болмаған жағдайда оның өкілеттігін ол тағайындайтын адам жүзеге асырады.

63. Бас хатшыны тәртіптік жауаптылыққа тартуды, жұмыстан шеттетуді Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіподақ актілеріне сәйкес Басқарма жүзеге асырады.

64. Бас хатшы осы Жарғыда көзделмеген кез келген мәселелер бойынша, сондай-ақ еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайы туындаған жағдайда шешімдер қабылдайды.

## **11. РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯ**

65. Кәсіподақтың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Ревизиялық комиссия жүзеге асырады, оның мүшелерін жалпы жиналыс 4 (төрт) жыл мерзімге тағайындайды.

66. Ревизиялық комиссия үш адамнан тұрады.

67. Ревизиялық комиссияның Кәсіподақтың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу тәртібін жалпы жиналыс айқындайды.

68. Ревизиялық комиссия Кәсіподақтың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша қорытынды жасайды, ол жалпы жиналысқа бекітуге ұсынылуы тиіс.

69. Ревизиялық комиссия жалпы жиналысқа есеп береді.

## 12. БАСТАУЫШ ҰЙЫМ

70. Бастауыш ұйым - заңды тұлғалар құрмай құрылатын және тікелей ұйымда (футбол клубында) орналасқан, осы ұйымның қызметкерлері болып табылатын Кәсіподақ мүшелерінен тұратын және ұйым деңгейіндегі әлеуметтік әріптестікте қызметкерлердің өкілетті өкілі болып табылатын Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесі.

71. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының жоғарғы басқару органы жиналыс болып табылады.

72. Бастауыш ұйымның сайланбалы алқалы тұрақты жұмыс істейтін басқарушы органы кәсіподақ комитеті болып табылады.

73. Бастауыш ұйымның жеке-дара атқарушы органы төраға болып табылады.

74. Бастауыш ұйымның Ревизиялық комиссиясы ревизиялық орган болып табылады.

75. Бастауыш ұйымдардың құқықтары:

1) Басқармаға Кәсіподақ мүшелерін қосуға және/немесе құрамнан шығаруға кандидатураларды бекітуге ұсыну;

2) өз өкілдерін жоғары тұрған кәсіподақ органдарына беру, оларды кері қайтарып алу және ауыстыру;

3) жоғары тұрған кәсіподақ органдарының қарауына құжаттардың жобалары мен ұсыныстарын енгізу, оларды қарау нәтижелері туралы ақпарат алу;

4) жоғары тұрған кәсіподақ органдарына мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы өтінішхатпен жүгіну;

5) ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шарт жасасу және өзгерту, оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің мүдделерін білдіру;

6) өңірлік келісімді, басқа да келісімдерді әзірлеуге және жасасуға қатысу және ұсыныстар енгізу;

7) Кәсіподақтың лауазымды адамдарының кандидатуралары бойынша ұсыныстар енгізу;

8) Кәсіподақ мүлкін заңнамада және Кәсіподақ құжаттарында белгіленген тәртіппен пайдалану;

9) Кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту, өз қызметіне қажетті ақпаратты алу және тарату үшін Кәсіподақ мүмкіндіктерін пайдалану;

10) бұқаралық науқандарды ұйымдастыру туралы, оның ішінде митингілер, демонстрациялар, шерулер, пикеттер өткізу туралы, сондай-ақ бастауыш ұйым жүргізетін ұжымдық іс-қимылдарды қолдау туралы ұсыныстармен жоғары тұрған кәсіподақ органдарына жүгіну;

11) өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат, кеңестер, көмек және қолдау алу үшін Кәсіподаққа жүгіну;

12) жоғары тұрған кәсіподақ органдарына Кәсіподақ мүшелерін көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу.

76. Бастауыш ұйымдардың міндеттері:

1) Кәсіподаққа тарту бойынша жұмыс жүргізу;

2) өз өкілеттіктеріне сәйкес қабылданған Кәсіподақ Жарғысын, Кәсіподақ органдарының шешімдерін орындау;

3) ұжымдық шартты әзірлеу және жасасу, оның орындалуын бақылау, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі келісімдерді жасасуға және олардың орындалуын бақылауға жәрдемдесу;

4) Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда ынтымақ танытуға және Кәсіподақтың ұжымдық іс қимылдарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

5) Кәсіподақ белгілеген тәртіпке, мерзімдерге және мөлшерлерге сәйкес Кәсіподақ ұйымдарының қызметін ұйымдастыруға қаржы тәртібін сақтау және қаражат аудару жөніндегі шешімдерді орындау;

6) жұмыс берушінің кәсіподақ жарналарын толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асыру;

7) жоғары тұрған кәсіподақ органдары бекітетін белгіленген нысандар бойынша тиісті жоғары тұрған кәсіподақ органдарына статистикалық мәліметтерді, қаржылық есептілікті және басқа да ақпаратты ұсыну;

8) жоғары тұрған кәсіподақ органы ұсынған мәселелерді жиналыстың, сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарының қарауына енгізу;

9) Кәсіподаққа зиян келтіретін және зиян келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеу.

77. Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарын құру, олардың қызметін тоқтату тәртібі, қызметтің міндеттері мен қағидаттары, құрылымы, есептілігі және өзге де нормалар «Қазақстан футболшыларының жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ бастауыш ұйымы туралы ережеде белгіленген.

### **13. ҚҰРМЕТТІ КӘСІПОДАҚ ҚАЙРАТКЕРІ**

78. Басқарма құрметті кәсіподақ қайраткерінің кандидатурасын жалпы жиналысқа бекітуге ұсынады.

79. «Құрметті кәсіподақ қайраткері» атағын беруді жалпы жиналыс жүзеге асырады.

80. Құрметті кәсіподақ қайраткері кеңесші дауыс құқығымен кәсіподақтың басқару органдарының отырыстарына қатысуға құқылы.

#### 14. КӘСІПОДАҚҚА МҮШЕЛІК (ҚАТЫСУ)

81. Кәсіподақ мүшелері:

1) ҚФФ-да кәсіби футболшы ретінде тіркелген жеке тұлғалар, оның ішінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) басқа ұлттық футбол федерацияларында (қауымдастықтарында) кәсіби футболшылар ретінде тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары.

82. Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау кірушінің өтініші негізінде жеке тәртіппен жүргізіледі. Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау туралы шешімді Басқарма қабылдайды.

83. Кәсіподақ мүшелігіне кіру үшін осы баптың 81-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдар мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) жалпы жиналыс бекіткен нысан бойынша Кәсіподақ мүшелігіне кіру ниеті туралы өтініш;

2) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

84. Кәсіподақ мүшелері:

1) Кәсіподақ қызметі туралы ақпарат алуға;

2) Кәсіподақтың басқару органдарына сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

3) Кәсіподақ қызметі мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) осы Жарғыда көзделген тәртіппен жалпы жиналыстың отырыстарына қатысуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Кәсіподақ құрамынан шығуға;

6) осы Жарғыға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

85. Кәсіподақ мүшелері:

1) осы Жарғының және Кәсіподақтың өзге де регламенттеуші құжаттарының талаптарын сақтауға;

2) мүшелік жарналарды Басқарма анықтаған тәртіппен және мөлшерде енгізуге;

3) өзгерген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Кәсіподақтың Бас хатшысын жеке басын куәландыратын құжатқа, телефон нөміріне және электрондық пошта мекенжайына байланысты кез келген өзгерістер туралы жазбаша түрде хабардар етуге;

4) Кәсіподақ өткізетін науқандарға және өзге де іс-шараларға қатысуға;

5) Кәсіподақ қабылдаған шешімдерді іске асыруға;

6) кәсіби футбол саласында басқа кәсіподақтарға, бірлестіктерге кірмеуге міндетті;

7) осы Жарғының және Кәсіподақтың өзге де регламенттеуші құжаттарының талаптарынан туындайтын өзге де міндеттемелер.

86. Мына жағдайларда Кәсіподаққа мүшеліктен айырылуға болады:

- 1) Басқарманың атына тиісті өтініш негізінде Кәсіподақ мүшесінің өз бастамасы бойынша;
- 2) мүше кәсіби футболшы мәртебесін жоғалтқан кезде;
- 3) Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерін орындамаған кезде;
- 4) мүшелік жарналардың толық мөлшері оларды төлеу мерзімі өткен күннен бастап алты және одан да көп ай ішінде төленбеген кезде;
- 5) Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақтың, оның мүшелерінің (қатысушыларының) немесе жалпы футболдың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасаған кезде;
- 6) Кәсіподақ мүшесі Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының талаптарын, ҚФФ, ҚФФ, ФИФА, УЕФА және ФИФПро регламенттеуші құжаттарының ережелерін сақтамаған жағдайда;
- 7) Басқарма мүшелікті тоқтату үшін жеткілікті және негізделген деп таныған өзге де негіздер бойынша.

87. Кәсіподақтан шығару туралы шешім Басқарма шешімінің негізінде қабылданады.

88. Шығарылған Кәсіподақ мүшесі оны шығару туралы шешімді ол шығарылғаннан кейін кемінде үш ай өткен соң қайта қарау туралы өтініш жасауға құқылы. Өтініш келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімде Басқарманың қарауына жатады.

89. Кәсіподаққа мүшелік тоқтатылған кезде бұрын төленген мүшелік жарналар қайтарылмайды.

## **15. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР**

90. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Кәсіподақ орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын, Кәсіподақтың атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құруға және таратуға құқылы.

## **16. КӘСІПОДАҚТЫҢ РӘМІЗДЕРІ**

91. Кәсіподақ рәміздері оның жоғарғы бөлігінде мемлекеттік тілдегі Кәсіподақ атауын, эмблеманың ортасындағы ою-өрнекті көрсететін эмблеманы білдіреді.

92. Кәсіподақ рәміздерінің эскизі осы Жарғыға № 1 қосымшада көрсетілген.

## **17. ЖАРҒЫҒА ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

93. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Кәсіподақ мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі.

94. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады және осы тіркелген сәттен бастап заңды күшіне енеді.

## **18. КӘСІПОДАҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

95. Кәсіподақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы, таратылуы мүмкін. Кәсіподақты қайта ұйымдастыру, тарату туралы шешімді Кәсіподақтың жалпы жиналысы қабылдайды.

96. Кәсіподақты қайта ұйымдастыру бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құру нысанында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да нысандарда жүргізілуі мүмкін.

97. Кәсіподақты тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңда және басқа да заңнамалық актілерде көзделген негізде және тәртіппен жалпы жиналыстың шешімі бойынша ерікті түрде және мәжбүрлеп (сот шешімі бойынша) жүргізілуі мүмкін.

98. Кәсіподақты таратуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кәсіподақтың жалпы жиналысы немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді.

99. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Кәсіподақ істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер тарату комиссиясына өтеді. Тарату комиссиясы таратылатын Кәсіподақ атынан сотта сөз сөйлейді.

100. Кәсіподақ таратылған кезде кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті Кәсіподақ мүшелері арасында бөлуге болмайды, бірақ жарғылық мақсаттарға сәйкес пайдаланылуы немесе жалпы жиналыстың шешімі бойынша Кәсіподақ сияқты бірдей немесе жақын мақсаттарды көздейтін коммерциялық емес ұйымға берілуі тиіс.

101. Кәсіподақты тарату аяқталды, ал кәсіподақ өз қызметін тоқтатты деп бұл туралы мәліметтерді бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізгеннен кейін есептеледі.

**«Қазақстан футболшыларының  
жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ  
Жарғысына № 1 қосымша**

**Кәсіподақ рәмізі (эмблемасы)**

